

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 24 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 18 тамыздағы N 118-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 24 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

3. Жергілікті атқарушы органдар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері туралы тиісті ережелерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 8

т а м ы з д а ғ ы

N 1 1 8 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 24 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
2.	Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен		АШМ	2009 жылғы қыркүйек

	шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		
3.	Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
4.	Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
5.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
6.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
7.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
8.	Ветеринариялық есеп пен есептілікті жүргізу және оларды табыс ету ережесін бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
9.	Ветеринариялық есеп пен есептілік нысандарын бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
10.	Аумақты аймақтарға бөлу ережесін бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
11.	Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын пайдалану кезінде оларды есептен шығару, сондай-ақ оларды сақтау мерзімдері өткеннен кейін жою немесе зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз деп тану ережесі мен нормативін бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
12.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 21 тамыздағы N 253 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
13.	Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын	АШМ-нің бұйрығы		2009 жылғы қыркүйек

) объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру ережесін бекіту туралы		АШМ	
14.	Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру ережесін бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
15.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамасын іріктеу ережесін бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
16.	Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
17.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек
18.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АШМ-нің бұйрығы	АШМ	2009 жылғы қыркүйек

Аббревиатураның толық жазылуы
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК